



## Баспасөз релизі

**«Қазақстан Халық Банкінің» еншілес ұйымы «Halyk Finance» АҚ Cbonds ақпараттық агенттігінің пікірі бойынша «Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банк» номинациясында жеңімпаз атаңып, тағы да басқа номинацияларда жүлделі орындарға ие болды.**

15 наурыз 2017 ж.

14 наурызда «Қазақстан Республикасының борышқорлық нарығы» атты жылдық конференциясында Cbonds (AA Cbonds, Санкт-Петербург қ-сы) ақпараттық агенттігі ұйымдастыралған «Cbonds Awards Kazakhstan» беделді сыйлықтармен марапатталу рәсімі өткізілді, онда жыл сайын Қазақстанның қаржы нарығының көшбасшылары ұсынылады.

Дауыс беру нәтижелері бойынша, ТМД бағалы қағаздар нарығының сарапшылар арасында өткізілген және Cbonds редакциялық кеңесі бағалауы бойынша «Қазақстан Халық Банкінің» еншілес ұйымы «Halyk Finance» АҚ (бұдан әрі – «**Halyk Finance**») 2017 жылғы ең беделді **«Қазақстандағы 2017ж ең үздік инвестициялық банк»** номинациясында сөзсіз жеңімпаз болып аталды.

Сонымен қатар, Halyk Finance «Қазақстанның 2016 ж ең үздік андеррайтеры» номинациясында 2-ші орын, «Қазақстандағы 2017 ж қаржылық нарықтары бойынша ең үздік аналитика» номинациясында 2-ші орын, «Қазақстан 2017 ж инвестициялық нарықтығын тиімді басқару» номинациясында 3-ші орындарға ие болды.

«Тәуелсіз сарапшылардың барлық Halyk Finance командасының күнделекті мұқият жұмысына берілген лайық бағасы біз үшін өте маңызды болып табылады. Біз өзіміздің бәсекелестерімізді 2016 жылғы барлық қаржы көрсеткіштерінен анық озып түстік. Сонымен, Halyk Finance тың өткен жылғы таза пайдасы компанияның құрылғанына бергі, рекордтық көрсеткіш 3 млрд 780 миллион тенгені құрады. Тіпті біздің меншікті капиталының айтарлықтай мөлшеріне қарамастан, орташа жеке капиталға қайтару біздің ставкамыз «RoAE» жылына өте әсерлі 24% - ды құрады. 2016 жылдың соңында, Halyk Financeпен бақыланатын жиынтық активтері, оның ішінде біздің өзіміздің инвестициялық портфель және клиенттеріміздің инвестициялық портфелі 12 % көтеріліп дерлік 100 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, біздің рекордтық қаржылық көрсеткіштерімен қатар, 2016 жылы Halyk Finance өзінің аралық паи қоры ИАПҚ «Halyk-Валюталық» іске қосылды. «Halyk-Валюталық» паи қорының 1 жылдық өмір сүруіне қарамастан, ИПИФ «Halyk-Валюталық» қоры шамамен 6 миллион активтік мөлшерімен Қазақстан нарығындағы ең ірі қор болып табылып – ұқсас қаржылық құралдар ішінде тек АҚШ долларымен деноминацияланған тек жеке құрал болып табылады», – Halyk Finance Басқарма Төрағасы Арнат Абжанов.

**«Halyk Finance» АҚ** – Қазақстандағы жетекші инвестициялық банк, ол инвестициялық-банктік қызметтердің толық кешенін көрсетеді, солардың ішінде қаржылық консалтинг пен андеррайтинг (корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарын шығару мен орналастыруды ұйымдастыру), корпоративтік қаржыландыру қызметтері (соның ішінде компаниялардың акциялары мен қатысу үлестерін сатып алу/сату бойынша М&А кеңес беру қызметтері және корпоративтік борыштық қайта құрылымдау), брокерлік қызметтер және бағалы қағаздарды сату, KASE сауда алаңындағы маркет-мейкердің қызметтері, инвестициялық портфельді басқару, сондай-ақ жүйелі түрде көрсетілетін аналитикалық қызметтер.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** ең үлкен клиенттер базасы мен ең ірі филиалдар желісі бар Қазақстандағы жетекші қаржы тобы және жетекші бөлшек банкі болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келеді, өзінің бөлшек клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттеріне қызметтердің кең ауқымын ұсынады (банктік, брокерлік қызметтер, сақтандыру, лизинг және активтерді басқару жөніндегі қызметтер). Сонымен қатар Халық банкі өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асыруда.

**Cbonds** – қаржы нарықтары саласында маманданатын ақпараттық агенттік. Cbonds тобы өз қызметін Ресейде, Украинада және Қазақстанда бизнестің келесі бағыттары бойынша іске асырады: ақпараттық сайттарды қолдау және дамыту (Cbonds.Info и Investfunds), тақырыптық конференциялар мен қаржы нарықтары бойынша көрмелерді жүргізу, баспа қызметі (Cbonds Review журналы және жыл сайынғы анықтамалықтар).

Охонов Фархад  
«Halyk Finance» АҚ Қаржылық кеңес беру  
және андеррайтинг департаментінің директоры  
[www.halykfinance.kz](http://www.halykfinance.kz)  
тел.: + 7 (727) 357 31 69

«Қазақстан Халық Банкі»  
Баспасөз қызметі  
[www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)  
тел.+7 (727) 259 08 16